## 2005 жылғы 24 наурыздағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің техникалық регламенттерін үйлестіру негіздері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 401 Қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі!

Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мәскеу қаласында 2008 жылғы 12 желтоқсанда жасалған 2005 жылғы 24 наурыздағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің техникалық регламенттерін үйлестіру негіздері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 401 қаулысымен бекітілген

## 2005 жылғы 24 наурыздағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің техникалық регламенттерін үйлестіру негіздері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің үкіметтері,

төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап

2005 жылғы 24 наурыздағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің техникалық регламенттерін үйлестіру негіздері туралы келісімнің 3-бабының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламентін әзірлеу тәртібі Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінің шешімімен бекітіледі".

## 2-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және депозитарий оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

2008 жылғы 12 желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол депозитарий болып табыла отырып, әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Беларусь Республикасының Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК